

БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

Баланыңызбен бірге ойнаңыз

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/33541/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Омарбекова Сауле

Бала өміріндегі алғашқы мектепке дейінгі кезеңінің өсіп жетілуіндегі ең жауапты кезең. Бұл кезде баланың ақыл – ой қабілеті, қасиеттері және эстетикалық сезімдері қызықты, мазмұнды сабақ, еңбек, ойын процесінде жан-жақты қалыптасады. Ойын – тәрбие берудегі ең тиімді тәсілдердің бірі.

«Балабақшадан тәрбие беру бағдарламасында» баланың денесі мен психикалық жетілуі, жеке басының дамуы үшін ойынның үлкен маңызы бар.

Бала ойынарқылық күш – жігерін жаттықтырып, қоршаған заттар мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды, яғни болашақ ұрпақтың тәрбие жолы тәлімді ойыннан басталады.

Ойын – оқыту, өсіру, денсаулықты нығайтумен қатар тәрбиеге дағдыландырады. Көпшілік арамдар арасында өмір сүру, айналасына қайырымды, адал болуға, қиналған кезде қол ұшын беруге тәрбиелейді. Басқа адамның сөзін тыңдауға, қуанышын бөлісуге, өз ойымен басқа адамның ойын салыстыра білуге және сыйластыққа, үлкенге жәрдем беріп, кішіге қамқор болуға, не жақсы, не жаман екенін айыра білуге баулу үшін сахналық ойындарды пайдалануға болады.

Ойын — өсіп келе жатқан бала ағзасы үшін өте қажет. Ойында баланың денесі күшейтеді, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетілетүседі.

Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады, ұстамдылық, іскерлік дамиды.

Ойын – балалар үшін күрделі әрекет. Денетәрбиесі немесе спорт

сабақтарында балаларға ойынның бағытын бере отырып, оның әділ және дұрыс өтуін қадағалаған жөн.

Өйткені, мұның балаларға салауатты өмір салтын қалыптастыруды тәрбиелік маңызы зор. Жан – жақты дамығандың саулығымықты дара тұлғаларды тәрбиелеу ежелден – ақ халық дәстүрі.

Тәрбиеші балалардың сәби шағынан бастап, дене бітімінің дұрыс жетілуіне мән беріп, дәстүрлі жаттығулар мен қимылойын түрлерін қолдана білгені дұрыс.

Ойын жас баланың денесінің дұрыс жетілуіне, күшті, төзімді бопөсуіне тигізер көмегі мол. Дене ойындарымен айналысқан балалардың бұзақылық мінез көрсетуіне уақыты болмай, керісінше олардың ой жылдамдығы мен дене бітімі қатар дамып, сабырлы болатыны белгілі.

Мектепке дейінгі балалардың ойын жаттығуларымен қатар санауға, сөйлей білуге, сөздік қорын байтуға тигізері қпалы зор.

Балалық шақ кезіндегі ойын бұлқызықты әлем.

Бұл әлемде әлсіз қорғаны жоқтың мықты қайраты болады, ішпыстыратын және қызықты емес нәрселер көңілді және қызғылықты болып шығады.

Бұл кезеңде әр бала өзінің жаман қылықтарын біледі, айналасын өте әдемі, таңғаларлықтай қызықты ете алады. «Мені менойнашы» деген балалар өтінішін жиі естиміз.

Ата – аналар келісім берген кезде бір минут қасқыр, дәрігер, дүкенші, болып ойнаса, бала қуанып қалады.

Балалар қиялдау арқылы ойдың түрлі ойыншыға алады. Ойынарқылы балалардың шығармалық ой – қиялы, елестету қабілеті шарықтайды. Ойын – тәрбие құралы. Ойынның арқасында жан-жағын қоршаған орта балаға қостаушы болып табылады. Мектеп жасына дейінгі бала белсенді, ой – түсінігі мол болып, өзінің тәртібін басқара білсе, мектепте жақсы оқиды., бір мақсатқа жетемін деген ниеті болса, бала ойындағы талпынысты дамытуға баса назар аударуымыз керек.